

**«Әлеуметтік даму қоры»
корпоративтік қоры
Қамқоршылық кеңесінің
2019 жылғы «08» мамырдағы
№ 24 шешімімен
бекітілген**

**«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын
тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің
жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) мен оның ұйымдары қызметкерлерінің шетелде оқу немесе тағылымдамадан өту үшін үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.2. «Талап» стипендиясының (бұдан әрі – Стипендия) мақсаты «Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының (бұдан әрі – Қор):

1) күндізгі және модульдік оқытудың магистрлік немесе докторлық дәрежесін алуды көздейтін бағдарламалар бойынша оқытуды;
2) ғылыми-зерттеу және кәсіптік тағылымдамалардан;
3) біліктілік арттыру бағдарламаларынан өтуді ұйымдастыруда, қаржыландыруда көмектесу арқылы біліктілігі жоғары және бәсекеге қабілетті кадрларды нысаналы даярлауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) **Шетелдік жоғары оқу орнының немесе шетелдік ұйымның гранты** – өтініш иесінің, конкурсқа қатысушының немесе Стипендия иегерінің оқуын немесе тағылымдамасын толық немесе ішінара қаржыландырудың қосымша түрі;

2) **Шарт** – Қор Басқармасының шешімімен бекітілген үлгі нысандардың негізінде Қордың, Супервайзер мен Стипендия иегерінің арасында жасалатын оқыту шарты немесе Қор мен Стипендия иегерлерінің арасында жасалатын тағылымдамадан өту шарты немесе біліктілік арттыру шарты;

3) **Шетелдік жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО)** – Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан жоғары оқу орны;

4) **Шетелдік ұйым** – Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан ғылыми-зерттеу, кәсіптік орталық немесе ұйым;

5) **Өтінім** – осы Қағидаларға және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш иесі жасаған құжаттар пакеті;

6) **Өтініш иесі** – стипендия алуға үміткер Университеттің немесе Университет ұйымының қызметкері;

7) **Комиссия** – іріктеуді, стипендия тағайындауды, стипендияны тоқтата тұруды немесе одан айыруды, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыруды ұсынатын, тұрақты жұмыс істейтін Қордың алқалық органы;

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

8) **Конкурс** – осы Қағидаларға сәйкес стипендия иегерлерін анықтау рәсімі;

9) **Стипендия иегерлері** – осы Қағидаларға сәйкес стипендия тағайындалатын конкурсқа қатысушы;

10) **Университеттің ұйымдары** – Университет құратын коммерциялық емес ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Университетке тиесілі басқа да заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары;

11) **Жұмыспен өтеу** – стипендия иегерінің бағдарлама бойынша оқуын табысты аяқтағаннан немесе тағылымдамадан немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өткеннен кейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген мерзім ішінде Университетте немесе Университет ұйымдарында жұмыспен өтеу міндеті;

12) **Бағдарлама** – шетелдік ЖОО-да күндізгі және модульдік оқытудың магистрлік және докторлық дәрежесін алуды көздейтін бағдарлама;

13) **Біліктілік арттыру бағдарламасы** – қызметкердің негізгі қызмет бағыттары бойынша бұрын алған кәсіптік білімдерін, машықтары мен дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін шетелдік ұйымдағы қосымша білім берудің халықаралық сертификатталған бағдарламасы,

14) **PhD бағдарламасы** – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе тиісті кәсіптік қызмет саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарды дәреже алуға тағайындайтын бағдарлама;

15) **Университеттің немесе Университет ұйымының қызметкері** – Университетте немесе Университет ұйымында штаттағы лауазымды атқаратын және толық ставкаға жұмыс істейтін жеке тұлға;

16) **Жұмыс органы** – осы Қағидаларға сәйкес функцияларды жүзеге асыратын Қордың құрылымдық бөлімшесі;

17) **Анықтама** – Комиссияның қарауына енгізу үшін Жұмыс органы бас тартқан және қабылдамаған өтініштер туралы ақпараттан тұратын құжат;

18) **Тағылымдама** – шетелдік ЖОО-дағы немесе шетелдік ұйымдағы постдокторантура, ғылыми-зерттеу немесе кәсіптік тағылымдама;

19) **Стипендия** – осы Қағидаларда көзделген мақсатта тағайындалатын «Талап» стипендиясы;

20) **Супервайзер** – Университетте немесе Университет ұйымдарында академиялық және (немесе) ғылыми қызметті жүзеге асыратын, PhD бағдарламасы бойынша өтініш иесімен өзара әрекеттесуге келісім берген және оқу кезінде стипендия иегерімен өзара әрекеттесетін және PhD бағдарламасы бойынша өтініш иесімен үнемі кері байланысты қолдайтын, сондай-ақ Шарттың тарапы болып табылатын қызметкер.

21) **Конкурсқа қатысушы** – Жұмыс органы конкурсқа жіберген өтініш иесі.

2. Конкурсқа қатысу талаптары

2.1. Осы Қағидаларға сәйкес стипендия беруді Қор конкурстық негізде жүзеге асырады.

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

2.2. Өтініш иесі бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) Университеттің немесе Университет ұйымының қызметкері болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман мәртебесінің болуы;
- 3) өтініш берген күнге дейін Университеттегі және (немесе) Университет ұйымындағы жиынтық еңбек өтілі Бағдарлама бойынша оқу үшін кемінде 2 (екі) жыл және Тағылымдамадан өту, Біліктілік арттыру бағдарламасы үшін кемінде 1 (бір) жыл болуы.

Қамқоршылық кеңес төрағасының немесе Қор басқармасы төрағасының Бағдарлама бойынша оқуға немесе тағылымдамадан өтуге, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өтуге ұсынымы бойынша, өтініш иелері ерекше жағдайларда Конкурсқа Университеттегі немесе Университет ұйымындағы жұмыс өтілі ескерілмей жіберілуі мүмкін;

4) Университеттің немесе Университет ұйымының қызметіне байланысты мамандық бойынша Бағдарламада оқу немесе тағылымдамадан өту, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту;

5) жеке оқу жоспары көрсетілген Бағдарлама бойынша академиялық оқуға қабылданған, тағылымдама бағдарламасында көрсетілген тағылымдамадан өтуге шақырылуы немесе халықаралық сертификатталған біліктілік арттыру бағдарламасын ұсыну;

6) міндетті түрде ЖОО ұсынатын бағдарламаның өзектілігін, шетелдік ұйымда тағылымдамадан өтуін немесе өтініш иесі қызметінің біліктілігін арттырудың халықаралық сертификатталған бағдарламасына сәйкестігін міндетті түрде растай отырып, Университеттің құрылымдық бөлімшесінің немесе Университет ұйымының жетекшілік ететін және (немесе) тікелей басшысы болуға ұсынылуы;

7) супервайзердің PhD бағдарламасы бойынша стипендия иегерлерімен өзара әрекеттесуге дайындығы туралы жазбаша келісімінің болуы және «Талап» стипендиясы тағайындалған жағдайда Шарт жасасуы;

8) өтініш иесін Бағдарлама бойынша оқуға немесе Тағылымдамаға, немесе Біліктілігін арттыру бағдарламасына оқуға жіберу туралы Университеттің немесе Университет ұйымының жазбаша келісімінің болуы.

3. Конкурс өткізу тәртібі

3.1. Конкурс өткізу тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастыру.

Университетте немесе Университет ұйымдарында электрондық поштаның ішкі жөнелтілімі бойынша жұмыс органы Университеттің немесе Университет ұйымының қызметкерлеріне конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдаудың басталуы туралы хабарлайды.

Конкурстың басталуы туралы хабарландыру өтініштерді қабылдау мерзімдері және мекенжайы туралы ақпараттан, өтініш нысанынан және конкурсты ұйымдастыру үшін талап етілетін басқа да ақпараттан тұруы тиіс;

2) Жұмыс органының құжаттарды қабылдауы осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес;

Өтініш иесі Жұмыс органына ұсынылатын құжаттардың, мәліметтердің дұрыстығы және толықтығы үшін жауап береді;

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

3) Жұмыс органының өтініштерді 2-қосымшаға сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығына және оларды осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген талаптарына сәйкестігіне тексеруі.

Жұмыс органы өтініштерді қарау кезінде ақпаратты нақтылау мақсатында өтініш иесінен және басқа адамдардан қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

Жұмыс органы қабылдау аяқталған күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өтініште көрсетілген өтініш иесінің электрондық поштасының мекенжайына осы Қағидалардың 2-бөліміне және (немесе) осы Қағидалардың 2-қосымшасына анықталған сәйкессіздік туралы хабарлама жібереді (олар болған жағдайда).

Өтініш 1-4, 7-тт., 2.2-т. талаптарына сәйкес келмеген және оларды жою мүмкін болмаған жағдайда Жұмыс органы Өтінімді одан әрі қарамай, қабылдамайды.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) осы Қағидалардың 5,6-т., 2.2-т. сәйкессіздігі анықталған жағдайда өтініш иесі анықталған сәйкессіздікті жояды және Жұмыс органынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қажетті құжаттарды Жұмыс органының мекенжайына жібереді.

Құжаттар ұсынылмаған немесе сәйкессіздік 5 (бес) жұмыс күні ішінде жойылмаған жағдайда өтініш қабылданбады деп есептеледі.

Өтініш иесі өтініштердегі сәйкессіздікті жойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жұмыс органы анықтама дайындайды.

Жұмыс органы өтінімді қабылдамаған жағдайда, Жұмыс органы өтініш иесінің өтінімінен бас тартқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде дәлелденген бас тартуды ұсынады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығына және олардың осы Қағидалардың 2-бөлімінде белгіленген талаптардың сәйкессіздігіне өтінімдерді тексерудің қорытындысы бойынша Жұмыс органы Комиссияға анықтама жібереді;

4) Комиссияның Жұмыс органы жіберген өтінімдерді қарауы;

5) Комиссияның конкурстың қатысушысымен әңгімелесу өткізуі. Конкурсқа қатысушылар Комиссиямен әңгімелесу өткізу уақыты мен орны туралы 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етіледі.

Комиссияның ұсынылған өтінімдерді қараудың жалпы мерзімі, сондай-ақ конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізу Жұмыс органы өтінімдерді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Өтінімдерді қарау кезінде Комиссия мына критерийлерді ескереді:

– Университетте немесе Университет ұйымдарында конкурсқа қатысушының жалпы жұмыс стажы;

– конкурсқа қатысушының Университет немесе Университет ұйымдары қызметінің бағыты бойынша кәсіптік қызметіне қатысы бар марапаттары;

– стипендия иегерінің оқуын немесе тағылымдамасын қаржыландырудың қосымша түрінің болуы (шетелдік ЖОО немесе шетелдік ұйымның толық немесе ішінара гранты).

Бұл ретте Комиссия өтініштерді қараудың қосымша критерийлерін бекітуі мүмкін.

Өтінімдерді қараудың, сондай-ақ конкурсқа қатысушылармен әңгімелесудің қорытындысы бойынша Комиссия шешім қабылдайды. Ол Комиссияның конкурстың қатысушыларына стипендиялар тағайындауы туралы Комиссияның

хаттамасымен ресімделеді және осы Қағидаларға 5,6-қосымшаларға сәйкес олардың Бағдарлама бойынша оқуына немесе Тағылымдамадан өтуіне шығыстар кестесін бекітеді;

б) Жұмыс органының Конкурса қатысушыларды Конкурс қорытындылары туралы хабардар етуі және стипендия иегерлерімен және супервайзерлермен шарттарға қол қою.

Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыс органы Конкурса қатысушыларды Шартқа қол қою қажеттігі туралы хабардар етеді немесе стипендия беруден бас тартуды негіздей отырып, хабарлама жібереді.

Шартқа қол қою кезінде стипендия иегері «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының және оның ұйымдарының Адами ресурстарды басқару департаменті әзірлеген мансапты дамыту жоспарын ұсынуға міндетті. Стипендия иегері, супервайзер және Қор Комиссияның хаттамасына қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартқа қол қояды.

Стипендия иегері Шартқа қол қоймаған жағдайда Қордың стипендия иегеріне Шартты қол қоюға ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде стипендия иегерін стипендиядан айыру мәселесі Комиссияның қарауына енгізіледі.

4. Комиссия

4.1. Комиссия Қор Басқармасы бекітетін осы Қағидаларға және Комиссия туралы ережеге сәйкес қалыптасады және өз өкілеттіктерін жүзеге асырады.

5. Жұмыс органы

5.1. Жұмыс органы Қор Басқармасы бекітетін осы Қағидаларға және Жұмыс органы туралы ережеге сәйкес функцияларды жүзеге асырады.

6. Стипендия

6.1. Стипендия Бағдарлама бойынша оқуды немесе тағылымдамадан өтуді, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өтуді ұйымдастыруға байланысты мынадай шығыстарды қамтиды:

1) Бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан өту, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту құны;

2) Бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту кезеңінде тамақтануды, жатақханада тұруды, оқу әдебиетін сатып алуды қамтамасыз ету үшін ақша қаражаты;

3) визаларды ресімдеу (консультық алым) немесе визаларды ұзарту;

4) Бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту кезінде төленуі тиіс, оқытатын елдің міндетті алымдары, стипендия иегерін медициналық сақтандыру, Бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан өту, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту бойынша жеке оқу жоспарына байланысты конференцияларға қатысу үшін көлік шығыстары мен тіркеу жарналары және осы Қағидаларға 5, 6-қосымшаларға сәйкес шығыстар кестесінде бекітілген басқа да шығыстар;

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

5) Күндізгі оқу бағдарламалары үшін – академиялық жыл ішінде 1 (бір) рет Нұр-Сұлтан қаласынан оқу орнына дейін бару және кері қайту; Модульдық оқыту бағдарламалары үшін – Нұр-Сұлтан қаласынан оқу орнына дейін бару келісілген жеке оқу немесе тағылымдамадан өту жоспарының немесе Шартқа сәйкес академиялық күнтізбенің негізінде, Бағдарлама бойынша оқуды немесе тағылымдамадан өтуді табысты аяқтағанға дейін; Біліктілік арттыру бағдарламалары үшін – халықаралық сертификатталған біліктілік арттыру бағдарламасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласынан оқу орнына дейін 1 (бір) рет бару және кері қайту;

б) болған елдегі төтенше жағдайларда (жер сілкіну, су тасқыны, өрт, дауыл, әскери операциялар) стипендия иегерін эвакуациялауға немесе медициналық көмек көрсетуге байланысты шығыстар.

Бұл ретте стипендия бойынша төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті төлемдерді ұстап қалғаннан кейін жүргізіледі.

6.2. Стипендияның мөлшері осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нормалар шегінде әрбір стипендия иегері үшін жеке Комиссияның шешімімен бекітіледі. Жатақханада тұру мен тамақтануды қамтамасыз ету үшін ақша сомасын төлеу каникулдарды қоспағанда, жолдағы уақытты ескере отырып, тәулік бойына айлық шығысқа пропорционалды есептеледі, алайда жатақханада тұру мен тамақтануды қамтамасыз ету үшін бекітілген айлық сомадан аспайды.

Бұл ретте, модульдық бағдарламалар және Біліктілік арттыру бағдарламалары жағдайында жатақханада тұру үшін төлем факті бойынша болған елде жатақханада тұруға, стипендияның айлық нормасының шегінде, осы Қағидаларға 7-қосымшамен белгіленген академиялық күнтізбеге сәйкес, шығыстарға төлемді растайтын құжаттардың негізінде жүргізіледі, алайда бір күнтізбелік ай үшін айлық нормадан аспайды. Ерекше жағдайларда стипендия иегерінің тағылымдамадан өту кезінде жатақханада тұру шығыстары Қордың Қамқоршылық кеңесі шешімінің негізінде бекітілген осы жатақханада тұру нормаларынан жоғары белгіленуі мүмкін.

6.3. Қор бағдарламалар, тағылымдамалар және біліктілік арттыру бағдарламалары бойынша стипендиялар мөлшерін Қордың жылдық бюджетін ескере отырып белгілейді және Конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен тағайындалады.

6.4. Стипендия иегері супервайзерді қамтамасыз етуге және Шарттың талаптарына сәйкес PhD бағдарламасы бойынша оқыту мерзімі бойы супервайзермен өзара әрекеттесуге міндеттенеді.

Стипендия иегері PhD бағдарламасы бойынша оқыған жағдайда Қорға Бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан, Біліктілік арттыру бағдарламасынан өту аясында жасалған жұмыс туралы есепті Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

Супервайзер PhD бағдарламасы бойынша стипендия иегерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыра алмаған жағдайда, стипендия иегері осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қорды супервайзердің өз функцияларын жүзеге асыра алмауы туралы хабардар етуге міндетті. Қорды хабардар еткен сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде иегер Қорға PhD бағдарламасы бойынша оқуына басқа супервайзердің жетекшілік етуіне дайын екендігіне жазбаша келісімін ұсынуға міндетті. Мұндай жағдайда Жұмыс органы Қордың, басқа супервайзердің және стипендия иегерінің арасында тиісті қосымша

келісімдерге қол қоюды қамтамасыз етеді.

6.5. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес стипендия иегері Университетте немесе Университет ұйымдарында жұмыспен өтеуге міндеттенеді.

6.6. Комиссия Шарттың талаптарын орындау мүмкін еместігі туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда осындай өтініш берген сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Қордың стипендиатынан алынған өтініштің негізінде стипендия иегерінің стипендияны тоқтата тұруына, ұзартуына арналған құжаттарды қарайды.

Бұл ретте стипендия 1 (бір) рет қана және 24 (жиырма төрт) күнтізбелік айдан астам емес мерзімге тоқтатылады. Стипендияны тоқтата тұруды немесе ұзарту критерийлерін Комиссия белгілейді.

Жұмыс органы Комиссия отырысының қорытынды хаттамасын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде стипендия иегеріне Комиссияның стипендияны тоқтата тұруы немесе ұзартуы туралы шешімі туралы хабарлама жібереді және Қор мен Стипендия иегері арасындағы тиісті қосымша келісімдерге қол қоюды қамтамасыз етеді.

6.7. Комиссия мынадай жағдайлардың бірінде стипендия иегерін стипендиядан айыруға құқылы:

1) ЖОО-дан шығарылған немесе шетелдік ұйымда тағылымдамадан өтуді мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда;

2) Университетпен немесе Университеттің ұйымымен еңбек қатынастарын тоқтатқанда;

3) Стипендияны тоқтата тұру мерзімдері бұзылған жағдайда;

4) Шартта көзделген талаптар елеулі бұзылғанда;

5) стипендия иегері белгіленген тәртіппен қайтыс болды деп танылған, әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен немесе сот ол қайтыс болды деп жариялаған жағдайда.

6.8. Осы Қағидаларға сәйкес стипендиядан айырылған жағдайда стипендия иегері Қордан тиісті хабарлама алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде осы Қағидаларда көрсетілген Бағдарлама бойынша оқытуды немесе тағылымдамадан өтуді, Біліктілік арттыру бағдарламасынан өтуді ұйымдастыру үшін бөлінген барлық ақша қаражатын Қорға қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

6.9. Жұмыс органы Комиссияның стипендиядан айыру туралы шешімі қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде стипендия иегеріне хабарлама жібереді.

6.10. Комиссияның шешімі бойынша жұмыспен өтеу, стипендияны тоқтата тұру, ұзарту критерийлері, сондай-ақ стипендиядан айырудың қосымша критерийлері бекітілуі мүмкін.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Қағидаларда регламенттелмеген мәселелер Қор басқармасының шешімімен, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген Жұмыс органы туралы ережеге, Комиссия туралы ережеге сәйкес шешіледі.

«Әлеуметтік даму қоры»
 корпоративтік қорының
 «Талап» стипендиясын тағайындау,
 тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ
 оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін
 кейінге қалдыру қағидаларына
 1-қосымша

**Шетелде бағдарлама бойынша оқудың немесе тағылымдамадан өтудің,
 немесе біліктілік арттыру бағдарламасынан өтудің мерзіміне сәйкес
 Университетте немесе Университет ұйымдарында жұмыспен өтеудің
 ұзақтығы***

Бағдарлама/тағылымдама	Университетте немесе Университеттің ұйымдарында жұмыспен өтеудің ұзақтығы
Тағылымдама	жыл
Магистрлік дәреже алуды көздейтін бағдарлама	үш жыл
Докторлық дәреже алуды көздейтін бағдарлама	бес жыл

- Стипендия иегерінің оқуын 50%-дан астам қосымша қаржыландыру болған жағдайда - жұмыспен өңдеу мерзімі екі рет қысқартылады.

«Әлеуметтік даму қоры»
корпоративтік қорының
«Талап» стипендиясын тағайындау,
тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ
оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін
кейінге қалдыру қағидаларына
2-қосымша

Өтініш иесі ұсынатын Конкурсқа қатысу үшін құжаттардың тізбесі

1. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға Өтініш иесінің сауалнамасы мен түйіндемесі;
2. ЖОО-да академиялық оқуға өтініш иесінің алынғанын растайтын құжаттардың көшірмелері; ЖОО-да ғылыми-зерттеу, кәсіптік тағылымдамадан немесе шетелдік ұйымда Біліктілік арттыру бағдарламасы үшін шақыру. Құжаттардың түпнұсқалары стипендияны тағайындағаннан кейін ұсынылады;
3. Бағдарлама бойынша жеке оқу жоспары немесе халықаралық сертификатталған біліктілік арттыру бағдарламасы, немесе ғылыми-зерттеу/кәсіптік тағылымдамадан өту бағдарламасы (алғашқы барғандар үшін бірінші семестрден басқа);
4. Университеттің құрылымдық бөлімшесінің немесе Университет ұйымының жетекшілік ететін және (немесе) тікелей басшысы растаған ұсыным хат;
5. Супервайзердің PhD бағдарламасы бойынша өтініш иесімен өзара әрекеттесуге дайындығы туралы жазбаша келісімі;
6. Университеттің немесе Университет ұйымы басшысының өтініш иесін Бағдарлама бойынша оқытуға немесе тағылымдамаға, немесе Біліктілік арттыру бағдарламасына жіберуі туралы жазбаша келісімі;
7. Жеке куәлігінің және паспортының көшірмесі;
8. Қазақстанда немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бакалавриат /магистратура бағдарламасын аяқтау туралы ресми құжаттардың көшірмесі (шетелдік жоғары оқу орны берген диплом және транскрипт). Нотариальдық куәландырылған көшірмесі стипендияны тағайындағаннан кейін беріледі;
9. Ғылыми жарияланымдардың немесе оқу-әдістемелік/ғылыми әзірлемелердің тізбесі (болған жағдайда);
10. Конкурстың шығыстар кестесін (осы Қағидаларға 4-қосымша) елдердің тұрғысында стипендиялардың мөлшерлерін белгілеуге арналған шығыстар нормасына сәйкес өтініш иесі толтырады (осы Қағидаларға 7-қосымша);
11. Өтініш иесінің кәсіптік қызметіне қатысы бар басқа да құжаттар.

«Әлеуметтік даму қоры»
корпоративтік қорының
«Талап» стипендиясын тағайындау,
тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ
оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін
кейінге қалдыру қағидаларына
3-қосымша

**Шетелде бағдарлама бойынша оқу немесе тағылымдамадан өту,
немесе біліктілік арттыру бағдарламасынан өту үшін стипендия
тағайындауға арналған саяалнама**

Surname/Фамилия (according to the ID/ согласно документу, удостоверяющему личность/жеке басын
куәландыратын құжатқа сәйкес)

Photo sized 3,5 x
4,5/

Фотосурет

First name/Имя (according to the ID/ согласно документу, удостоверяющему личность/жеке басын
куәландыратын құжатқа сәйкес)

3,5 x 4,5

**Program, Training / Обучение по
Программе/прохождение
Стажировки/Бағдарлама бойынша
оқыту/Тағылымдамадан өту**

- Graduate / Магистратура/ Магистратура
- Research degree or Doctoral/Докторантура/ Докторантура
- Modular Program / Модульная программа/Модульдік
бағдарлама
- Internship / Стажировка/Тағылымдама

I. PERSONAL INFORMATION/ЛИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ/ЖЕКЕ АҚПАРАТ

1. Date of birth/month/year / /

День/месяц/год рождения

Күні/айы/туған жылы

2. Citizenship/Гражданство/Азаматтығы _____

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

3. Nationality/Национальность/Ұлты _____

4. Marital status/ Семейное положение / Отбасы жағдайы

single/не женат/не замужем/үйленбеген married/женат/замужем/үйленген
divorced/разведен/разведена/айырылысқан widow (/er)/вдовец/вдова/жесір

5. Sex/Пол Female/Жен/Әйел Male/Муж/Еркек

6. «Bolashak» scholarship holder/ Обладатель стипендии «Болашак»/ «Болашак»
стипендиясының иегері Yes/Да/Иә No/Нет/Жоқ

7. Contact information/Контактные данные/Байланыс деректері

Code, home phone number/

Код, домашний телефон/ үй телефоны

Cell phone number/

Мобильный телефон/ Ұялы телефон

Code, work phone number/

Код, рабочий телефон / жұмыс телефоны

Additional contact phone numbers/

Дополнительные контактные / Қосымша
байланыс телефондары

*Email: _____

**Please check your e-mail on the regular basis/Регулярно проверяйте электронную почту/Электрондық поштаны тұрақты түрде тексеріңіз*

<p>8. ID information /Данные удостоверения личности/Жеке куәлік деректері</p> <p>Identification number/Идентификационный номер/Сәйкестендіру нөмірі</p> <p>□□□□□□□□□□□□</p> <p>ID number/Номер/нөмірі</p> <p>□□□□□□□□□□</p> <p>Date of issue/Дата выдачи/Берілген күні – Date of expiry/Срок действия/Қолданылу мерзімі</p> <p>□□/□□/□□□□ -□□/□□□□□□</p> <p>Issued by /Кем выдан/Кім берді</p> <p>_____</p>	<p>9. Passport information/Паспортные данные/Паспорт деректері</p> <p>Passport number/Номер /Нөмірі</p> <p>_____</p> <p>Date of issue/Дата выдачи/Берілген күні</p> <p>□□/□□/□□□□</p> <p>Date of expiry/Срок действия/ Берілген күні</p> <p>□□/□□/□□□□</p> <p>Issued by/Кем выдан/Кім берді</p> <p>_____</p>
--	---

<p>10. Place of residence* (full address, postal code)/ Место проживания (полный адрес, индекс)/ Тұратын жері (толық мекенжайы, индекс)</p> <p>Street/Улица/Көше _____</p> <p>Village/Село/Ауыл _____</p> <p>City/Город/Қала _____</p> <p>District/Район/Аудан _____</p> <p>Oblast/Область/Облыс _____</p> <p>Postal code/ Индекс/ИНдекс _____</p>	<p>11. Permanent residence address* Место прописки (full address, postal code)/ Тіркелген жері</p> <p>Street/Улица/Көше _____</p> <p>Village/Село/Ауыл _____</p> <p>City/Город/Қала _____</p> <p>District/Район/Аудан _____</p> <p>Oblast/Область/Облыс _____</p> <p>Postal code/ Индекс/ИНдекс _____</p>
---	--

** In case the contact information is changed, the members of the Committee should be informed within 5 days /*

В случае изменения контактных данных в течение 5 дней необходимо оповестить членов Комиссии /

Байланыс деректері 5 күн ішінде өзгерген жағдайда Комиссия мүшелерін хабардар ету керек

<p>12. Have you ever been charged of any criminal offences?/Привлекались ли Вы к уголовной ответственности? / Сіз қылмыстық жауапкершілікке тартылдыңыз ба?</p> <p><input type="checkbox"/> Yes/Да/Иә</p> <p><input type="checkbox"/> No/Нет/Жоқ</p> <p><i>If yes, what is the reason?/ Если Да, то по какой причине?/ Егер Иә болса, қандай себеппен? _____</i></p> <hr/> <p>Notes/Замечания/Ескертулер**: _____</p>

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қорының «Талап» стипендиясын тағайындау, тоқтата тұру, одан айыру, сондай-ақ оның иегерлерінің жұмыспен өтеуін кейінге қалдыру қағидалары

Checked by/Проверил/Тексерді _____

(Name and position of the responsible employee /Ф.И.О., должность ответственного работника/Жауапты қызметкердің Т.А.Ә., лауазымы

Signature/Қолы _____

Date of check/Тексерілетін күні _____

****THIS TABLE IS TO BE FILLED IN BY THE MEMBERS OF THE COMMITTEE**

ДАННАЯ ТАБЛИЦА ЗАПОЛНЯЕТСЯ ЧЛЕНАМИ КОМИССИИ

ОСЫ КЕСТЕНІ КОМИССИЯНЫҢ МҮШЕЛЕРІ ТОЛТЫРАДЫ

I. EDUCATION/ОБРАЗОВАНИЕ/БІЛІМІ

**13. Higher education/
Высшее образование/
Жоғары білім**

Name of the university/Наименование ВУЗа/ЖОО-ның атауы _____

Country/Страна/Ел _____

Program of study/Программа обучения/Оқыту бағдарламасы

List of scientific publications, teaching and learning materials/ Перечень научных публикаций, учебно-методических разработок / Ғылыми жарияланымдарының, оқу-әдістемелік әзірлемелерінің тізбесі

#	Title/Наименование/Атауы	year/год/жыл
1	_____	_____
2	_____	_____
3	_____	_____
4	_____	_____
5	_____	_____
6	_____	_____
7	_____	_____

